

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ: ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ,
ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**ПРОДОВОЛЬСТВЕННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ КАЗАХСТАНА:
СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ, ПУТИ РЕШЕНИЯ**

FOOD SAFETY OF KAZAKHSTAN: STATUS, PROBLEMS, WAYS OF SOLUTION

А.Ж. ЖОЛМУХАНОВА

э.ф.к., қауымдастырылған профессор

А.Ж. ҚОЙТАНОВА

э.ф.к.

А.Ж. ЖОЛМУХАНОВА

к.э.н., ассоциированный профессор

А.Ж. КОЙТАНОВА

к.э.н.

A.ZH. ZHOLMUKHANOVA

C.E.Sc., Associated Professor

A.G. KOITANOVA

C.E.Sc.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Казахский агротехнический университет им.С. Сейфуллина

S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University

Аңдатпа. Қарастырылып отырған мәселе жаһандық сипатқа ие, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізу өңір деңгейінде жүзеге асырылады, аймақтық фактор елеулі роль атқарады. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық факторлары талданған, бұл аграрлық азық-түлік өндірісін басқарудың аймақтық тәсілінің қажеттілігін негіздейді. Мемлекеттік реттеу әдістері, елдің ауыл шаруашылығы шикізатымен және тамақ өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз етілуін бағалай отырып сыртқы сауда шектеулері, олардың нақты тұтынуға, ұсынылатын медициналық нормалармен арақатынасына әсері талданды. Азық-түлікке қол жеткізу мәселелері, азық-түлік нарығының жағдайы қарастырылған. Бірқатар елдерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибесі жалпыланған: АҚШ, Канада, Франция, Нидерланды, Германия. Республиканың ДСҰ-ға кіруінің кейбір шарттары қаралды. Осыған байланысты елдің импорттық жеткізілімдерге тәуелділігін алып тастау, азық-түліктің өзінің өндірісін дамытуды қамтамасыз ету және экспорт пен импорттың теңдестірілген құрылымы үшін жағдай жасау ұсынылады.

Аннотация. Рассматриваемая проблема носит глобальный характер, в то же время, поскольку производство и реализация сельскохозяйственной продукции осуществляются на уровне региона, региональный фактор играет существенную роль. В статье проанализированы природно-климатические, социально-экономические, демографические факторы обеспечения продовольственной безопасности, что обуславливает необходимость регионального подхода к управлению агропродовольственным производством. Проанализированы методы государственного регулирования, внешнеторговые ограничения с оценкой самообеспеченности страны сельскохозяйственным сырьем и продуктами питания, их влияние на соотношение фактического потребления с рекомендуемыми медицинскими нормами. Рассматриваются проблемы доступа к продовольствию, состояние продовольственного рынка. Обобщен зарубежный опыт обеспечения продовольственной безопасности в ряде стран: США, Канада, Франция, Нидерланды, Германия. Рассмотрены некоторые условия вхождения республики в ВТО. В связи с этим, рекомендуется исключить зависимость страны от импортных поставок, обеспечить развитие собственного производства продуктов питания и создать условия для сбалансированной структуры экспорта и импорта.



Abstract. The considered issue has global nature, at the same time, since production and sale of agricultural products are carried out at regional level, regional factor plays a significant role. The article analyzes natural-climatic, socio-economic, demographic factors of ensuring food security, which determine the need for regional approach to agri-food production management. The methods of State regulation, foreign trade restrictions and assessment of the country's self-sufficiency in agricultural raw materials and food products, their impact on the ratio of actual consumption to the recommended medical standards are analyzed. The issues of access to food, the state of food market are considered. The foreign experience of ensuring food security in several countries is summarized: USA, Canada, France, Netherlands, Germany. Some conditions for the republic's entry into the WTO are considered. In this regard, it is recommended to exclude the country's dependence on imports, ensure the development of its own food production and create conditions for a balanced structure of exports and imports.

Кілттік сөздер: ауыл шаруашылығы, тағам өнімдері, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ет және ет өнімдері, тұтынушылар, кооперативтер, шаруа қожалықтары, экспорт, импорт, ауыл кәсіпкерлері.

Ключевые слова: сельское хозяйство, продукты питания, растениеводство, животноводство, мясо и мясопродукты, потребители, кооперативы, крестьянские хозяйства, экспорт, импорт, сельские предприниматели.

Key words: agriculture, food products, crop production, livestock production, meat and meat products, consumers, cooperatives, peasant farms, export, import, rural entrepreneurs.

Кіріспе. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі елдің ұлттық мүдделерінің нақты және әлуетті қатерлерден қорғалған жағдайында өз құрамына экономикалық, қорғаныс, білім, ақпараттық, т.б. құрамдас бөліктерді біріктіреді. Ашық экономика бағытында дамып келе жатқан Қазақстан Республикасына, осы жағдайларда ұлттық экономикалық мүдделерді қалыптастыру, оны қорғау мен жүзеге асыру қажет. Ұлттық экономикалық мүдделерді жүзеге асыру мен оларды қорғаудың дәстүрлі құралы протекционистік саясат. Әлемдік рыноктағы шиеленісті бәсеке барысында талаптарына сай түрленгендіктен, біздің еліміздің алдында әлемдік тәжірибеге сүйеніп, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүмкін болатын шаралар жүйесін жасақтау өзекті болып табылады. Себебі, әлемде ғаламдану үрдістері кең құлашын жайып отырған кезеңде, Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануынсыз өтуі мүмкін емес. Интеграция барысында ел экономикасы оң нәтижелерін, ұтымды тұстарын, қауіпсіздігін жоғалтып алмауы керек. Осы тұрғыдан елдің экономикалық қауіпсіздігін макро-, мезо-, микродеңгейлерде қамтамасыз ете білу бүгінгі күннің өзекті талабы болып отыр. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізуге үлес қосылады.

Сонымен, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі төңірегіндегі әртүрлі көзқарастардың мазмұнын қарастырып, біз азық-түлік

қауіпсіздігінің мәні салауатты тіршілікті қамтамасыз ету, импорттан мемлекеттің тәуелділігін реттеу кезіндегі алғашқы қажеттіліктің өнімдері бойынша мемлекеттік резервтерді және тұрақтылық қорларын құру үшін жеткілікті деңгейде азық-түлік тауарларын өндіру және ішкі нарыққа шығару, отандық АӨК қабілеттілігінен тұрады деп санаймыз. Азық-түлік қауіпсіздігінің маңыздылығы адам қажеттіліктерінің бірі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақалада статистикалық талдау, жалпыдан жекеге өту әдістері кеңінен қолданылады. Ол келесі тұжырымдарды анықтауда қолданылды.

«Азық-түлік қамтамасыздығы» халықтың қолында азық-түліктің бар болуын білдіреді, ал «азық-түлік қауіпсіздігі» сонымен бірге азық-түлік ұдайы өндірісінің мүмкіндіктерін қамтиды. Өз кезегінде азық-түлік тәуелсіздігі азық-түлік қауіпсіздігінің, сонымен бірге азық-түлік қамтамасыздығының туындысы болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігі әртүрлі деңгейлерге сәйкес қарастырылады. Әдеттегідей – бұл дүниежүзілік, ұлттық, аймақтық және жеке дара (үй шаруашылықтары) деңгейлері. Әртүрлі деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігінің мақсаттары әртүрлі болады. Дүниежүзілік деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсаты ашаршылыққа ұшыраған адамдардың санын төмендету, әсіресе дамушы мемлекеттерінде; ұлттық деңгейінде – импорттың



мүмкін болу көлемі кезінде ішкі азық-түлік нарығындағы тұрақты жағдай; аймақтық деңгейінде – халықтың қалыпты тіршілік қызметін қамтамасыз ететін тамақ өнімдеріне қажеттіліктерін қанағаттандыру; үй шаруашылықтарының деңгейінде – халықтың қолында бар табыстарына сәйкес тамаққа деген қажеттіліктерінің нақты қанағаттандырылуы. Азық-түлік қауіпсіздігі бірінші кезекте мемлекеттің белгілі бір шикізаттық әлеуеті бар, өзінің тұрғындарын сапалы тағам өнімдерімен қамтамасыз ете алатын, азық-түлік өнімдерінің импортына тәуелді емес күшті экономика құруы басты міндет болып табылады. Әр мемлекет өзінің тұрғынына қажетті, сапалы және жеткілікті көлемде азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп, оның әлеуметтік тұрғыдан тұлға болып қалыптасуына әрекет жасауы керек.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибесін зерттеу және жалпылау келесіні көрсетті:

- дамыған мемлекеттерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің келесі стратегиялары қалыптасты – өзін-өзі қамтамасыз етуге негізделген экспортқа және импортқа бағытталған саясат;

- дамыған мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігі негізінен алғанда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне төленетін субсидиялар, жеңілдікпен несиелеу жүйесі, баға құралының көмегімен өндірушілерді ынталандыру, ауыл шаруашылығы өндірістік инфрақұрылымының құрылысы, ауыл шаруашылығы экспорты мен азық-түлікті жеткізуді субсидиялау, ғылымның жетістіктерін ауыл шаруашылығына енгізу арқылы протекционистік сипатқа негізделген;

- азық-түлік қауіпсіздігіне жету үшін дамыған мемлекеттер дамушы мемлекеттерге елеулі көмек көрсетеді. Осы көмектің салдары бір жағынан оң әсерлі – ақша құралдарының, несиелердің бөлінуі, гуманитарлық көмек көрсету, екінші жағынан теріс әсерлі – азық-түлік жеткізіліміне дамымаған мемлекеттердің тәуелділігі күшейеді.

Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, жаһандық қаржылық дағдарыстар орын алуда. Қазақстан Кеден одағына кірді, таяу кезеңде Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі жоспарлануда. Алайда, саладағы еңбек өнімділігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жеткіліксіздігі мен жетілдірілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы мал шаруашылығы саласының қарқынды дамуына, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұр-

лым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді. Аталған факторлар отандық ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, шетелдік өнім импортының басым болуына, жергілікті өндірушілерді өткізу нарықта-рынан ығыстырылуына ықпал етіп отыр.

Республикамыз ДСҰ енуде дамыған мемлекеттердің тәжірибесінен келесі жағдайлар ескерілуі қажет:

- бағалардың коридорымен, азық-түліктің мемлекеттік ресурстарымен және мемлекеттік тауар интервенциясымен ішкі азық-түлік нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін құру;

- ЕҚ сияқты тарифтік жүйенің орнына компенсациялық төлемдер мен өтеулер жүйесін енгізу құқығын Қазақстанда бекіту;

- дамыған елдердің тәжірибесін пайдаланып, ауыл шаруашылығының өте МАңызды салаларының, әсіресе мал шаруашылығының осы халықаралық ұйымның ережелеріне кіргізілмеуіне қол жеткізу.

Ауыл шаруашылық өнімдері нарығының қызмет ету шарттары жеткілікті күрделі болып табылады және көптеген жағдайлар нарықта ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің позициясын бәсеңдетеді.

Біріншіден, ауыл шаруашылық өнімін өндірушілердің көптеген саны, күшті бәсеке орын алады, жекелеген жағдайда әрқайсысының позициясы нарықта әлсіз.

Екіншіден, ауылдық тауар өндірушілер өндірілген өнім көлеміне тәуелді өзгермейтін үлкен тұрақты шығындармен байланысты, бұл өндіріс төмендеген жағдайда олардың қаржы-экономикалық жағдайының төмендеуіне алып келеді.

Үшіншіден, өндірістің биологиялық процесінің ұзақтылығы мен үздіксіздігінің себебі бойынша ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне нарықта ұсынысты сұранысқа тез бейімдеу күрделі.

Төртіншіден, ауыл шаруашылық өнімдерінің едәуір бөлігі маусымдық түсетіндіктен, тұтынушы оның барлығын ала алмайды, бұл нарықта уақытша артық өнімнің болуына және оған бағаның төмендеуіне алып келеді.

Бесіншіден, кейбір өнімді өндірушілердің орналасқан жері ірі орталықтардан алыс, қайта өңдеу мен ауыл шаруашылық өнімдерін сақтайтын орындар тиімді жағдайларда өнім өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлемдік азық-түлік нарығымен байланысқан және сауда балансын қалыптастыруға бел-

өңдеу өнімдері бойынша импортқа тәуелділік деңгейі жоғары. 2016-2017 жылдардағы Қазақстандағы өнім тұтынуындағы импорттың үлесі 1 кестеде келтірілген [1].

Өнімдер	Импорт	Тұтыну	Тұтынудағы импорттың үлесі, %
2016-2017 жылдары орташа, мың тонна			
Жемістер, оларды қайта өңдеу өнімдері	573,6	678,3	84,57
Балық және балық өнімдері	67,2	88,7	75,72
Өсімдік майы және майлы өнімдер	165,4	342,3	48,33
Ет және ет өнімдері	209,2	1 122,2	18,64
Сүт және сүт өнімдері	870,6	5 756,8	15,12
Күнбағыс тұқымы	28,7	316,4	9,06
Көкөністер, бақша дақылдары, оларды қайта өңдеу өнімдері	193,2	3 169,0	6,10
Картоп	145,3	2 518,7	5,77
Бидайды қайта өңдеу өнімдері	43,8	1 989,8	2,20
Жұмыртқа, млн. дана	33,4	3 565,5	0,94
Бидай	110,0	11 973,7	0,92
Дерек көзі: ҚР Статистика жөніндегі агенттігі, ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің мәліметтері			

Урбанизация үрдісінің қарқынды жүруі (ғалымдардың есебі бойынша 20 жылдан кейін тұрғындардың 65-70% қалада тұратын болады).

Бүгінгі күнде азық-түлік қауіпсіздігінің мәселесі халық санының өсуі мен әлемдік азық-түлік қорларының азаюынан күннен-күнге қиындап барады. БҰҰ-ның есебі бойынша 2010 жылы жер бетінде 1 млрд. жуық адам аштықты басынан кешірген болатын. Шамамен Жер шарының 1/6 бөлігі терең азық-түлік дағдарысына ұшырап отыр [5].

Ұлттық деңгейде азық-түлік қауіпсіздігіне басым назар берілетін құнды тағам түрлеріне бидай, қант, өсімдік майы, балық, сүт және ет өнімдері.

Алдағы уақытта ауыл шаруашылығы және тағам өнеркәсібінде өндірістің интенсивті факторларын пайдалану қиын, әрі халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету күрделеніп барады. 2050 жылға қарай жердегі адам саны 9 млрд. жетіп, адамдарды азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету қиындауы мүмкін. Біршама жағымды даму үрдісінің өзінде бидайдың тапшылығы 526 млн т, ет 40 млн. т., балық өнімдері 68 млн т құрауы мүмкін [6].

Азық-түлік қауіпсіздігі кез келген мемлекеттің стратегиялық бағыты болып табылады. Ұлттық шаруашылық кешеннің қалыпты дамуы үшін дамыған ауыл шаруа-

Азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар:

- климаттың өзгеруі;
- экологиялық ортаның өзгеруі;
- энергия көздеріне бағаның өсуі.

Егін жерлерінің қысқаруы (дамушы елдердегі жер қорының қысқаруы).

Бұл мемлекеттер әлемдік азық-түлік өнімдерінің 2/3 бөлігін тұтынып өндіреді. Олардың әлемдік экспорттағы салыстырмалы үлесі – 64%, ал импорттағы үлесі – 67%. Дамыған мемлекеттер әлемдегі бидай, ет, қант, сиыр еті, құс еті және сүт өнімдері бойынша ірі экспорттаушылар болып табылады. Олар әлемдік бидайдың 75%-ы, еттің 80%-ы экспортқа шығарады. Әлемнің ірі азық-түлік өнімдерін импорттаушы және экспорттаушы мемлекеттері 2 кестеде көрсетілген [8].

– экономикасы өтпелі мемлекеттер (ТМД-на мүше елдер, Балтық жаға-лауы мемлекеттері және Шығыс, Орталық Еуропа мемлекеттері) [7].

2 кесте – Әлемнің ірі азық-түлік өнімдерін импорттаушы және экспорттаушы мемлекеттері, %, 2016-2017 жж.

Экспорттаушы мемлекеттер	Экспорт үлесі, %	Импорттаушы мемлекеттер	Импорт үлесі, %
АҚШ	12,1	АҚШ	11,3
Франция	7,2	Жапония	10,2
Нидерланды	6,2	Германия	7,6
Канада	6,0	Ұлыбритания	5,9
Германия	5,1	Франция	5,4

Ауыл шаруашылығы саласының техникалық жақтану деңгейі де көңілді қуантпайды. Әлемнің дамыған елдерінен біздің еліміз артта қалып қойған. Республикада 1000 га шабындық жерге 8,3 трактор келеді, ал аталған жағдай АҚШ – 35, Италия – 70, Ұлыбритания – 86, Франция – 85, Франция – 124 дана трактормен қамтамасыз етілген (3 кесте). Ауыл шаруашылық жұмыстарды өз уақытында орындау үшін шабындық жерлер үшін 40 трактор немесе 4,8 есе қажет. Қазақстандағы бір тракторға келетін жүктеме 101 га ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерді құрайды, ал бұл көрсеткіш АҚШ-та – 40 га, Францияда – 28 га, Италия және Германияда – 18-20 га, Өзбекстанда – 29 га жерді құрайды.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны сақтау үшін әлемнің дамыған мемлекеттері ауыл шаруашылығын қолдау мақсатында белсенді мемлекеттік саясат жүргізеді. Мемлекеттің қолдауы болмаса ауыл шаруашылығы кешенінің тиімді әрекет етуі қиындайды. Әр мемлекет өзіне тән қолдау көрсеткенімен, дамыған мемлекеттердегі мемлекеттік қолдау пұрсатты тәртіп бойынша жүзеге асады, яғни реттелетін бағалар, квоталар, демеуқаржы, салықтық жеңілдіктер, төмен пайызды несиелер және субсидиялар түрінде көмек көрсетіледі [9].

3 кесте – 1000 га шабындық жерге жарақталған тракторлар саны, 2016-2017 жж.

Елдер	Трактор саны
АҚШ	35
Италия	70
Ұлыбритания	86
Франция	85
Германия	124
Қазақстан	8,3

Қазіргі кезде АӨК-ні дамытуды мемлекеттік реттеу саясаты мынадай нысандарда іске асыру қажет:

– АӨК субъектілері арасында субсидиялар, мемлекеттік сатып алулар және т.б. түрінде әртүрлі мемлекеттік қолдау нысандарын ұсыну;

– негізгі өндірістік құралдарды – ауыл шаруашылығы техникасының паркін, жабдықтарды, мал басын жаңартуға арналған жағдайларды қолдайтын қаржылық құралдарды қолдану;

– АӨК субъектілері үшін қаржылық-кредиттік құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

– АӨК-і дамыту жобаларына инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасау;

– өнім экспортын қолдау;

– ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету;

– ҚР АӨК дамыту үшін қажетті көлік, су, сақтау, қайта өңдеу және өзге де инфрақұрылымдарды сақтау және дамыту;

– салалық ғылымды дамыту және агротехнологиялық білімді тарату;

– бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау.

Сол себепті, азық-түлік қауіпсіздігі бірінші кезекте мемлекеттің белгілі бір шикізаттық әлеуеті бар, өзінің тұрғындарын сапалы тағам өнімдерімен қамтамасыз ете алатын, азық-түлік өнімдерінің импортына тәуелді емес күшті экономика құруы басты міндет болып табылады. Әр мемлекет өзінің тұрғынына қажетті, сапалы және жеткілікті көлемде азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп, оның физикалық және әлеуметтік тұрғыдан тұлға болып қалыптасуына әрекет жасауы керек [10].

Тұжырымдар. Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи үрдістерін талдай отырып, оны жетілдірудің жүйелік мәселелері ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

– ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауарлығы;

– қолданылатын тұқымдардың және өсірілетін малдар тегінің генетикалық әлеуетінің (потенциалының) төмендігі;

– жемшөп базасының әлсіздігі, жайылымдардың құлдырауы;

– диагностикалық зерттеулердің Жануарлардың денсаулығын сақтау бойынша дүниежүзілік ұйымдардың талаптарына сәйкес еместігі (ОІЕ);

– ауыл шаруашылығы малдарын тіркеудің бірыңғай жүйесінің жоқтығы және олар бойынша электрондық базаның болмауы;

– өндірістік қайта өңдеуге сапалы шикізаттың жетіспеушілігі және ішкі азық-

түлік тауарларының нарығында терең қайта өңделген отандық өнімдердің үлесінің төмендігі;

– елдің ішкі сұранысын қанағаттандыруда маңызды азық-түлік өнімдерінің үлесінің төмендігі;

– тамақ өнімдерінің заман талабына сай технологияда өлшем әдістері стандарттарының жоқтығы, халықаралық талаптармен сәйкестіктің төмен деңгейі;

– агроөнеркәсіптік кешен салаларында қолданылатын өлшем құралдарының тексеру базасы деңгейінің төмендігі;

– агротехнологиялардың артта қалуы, өндірістің негізгі құралдарының табиғи және моральды тозуы;

– экономиканың аграрлық саласында инвестиция тартудың төмен деңгейі;

– өндіріске ғылыми әзірлемелерді енгізу жүйесінің дамымауы;

– білікті мамандардың жетіспеушілігі;

– ауылдық кооперацияның жеткіліксіз дамуы;

– ауылдық тауар өндірушілердің кредит қаражатына деген сұранысын толық қанағаттандыруға қаржы ресурстарының жетіспеушілігі.

Әдебиеттер тізімі

1 ҚР Ұлттық экономика министрлігінің статистика жөніндегі комитеті. [Электрондық ресурс].-2016.-URL:<http://www.stat.gov.kz/> (қарау күні: 12.06.2018)

2 ҚР Үкіметінің сайты. [Электрондық ресурс]. – 2016. - URL: [http:// ru.government.kz/](http://ru.government.kz/) (қарау күні: 05.05.2018)

3 Тулегенов Б.Т., Бельгибаев Ж.Ж. Продовольственная безопасность и здоровое питание населения Казахстана //Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана.- 2003. - № 1. - С. 11-12.

4 Каскатаев Н.М., Полубинский С.Л. Проблемы формирования региональных продовольственных рынков и актуальность регионального аспекта продовольственной безопасности // Актуальные проблемы экономического развития АПК Казахстана в условиях глобализации: матер. республ. науч.-практич. конф., посвященной 50-летию экономического факультета КАТУ им. С. Сейфуллина.- Астана, 2013, -Т.2.-С. 189-193.

5 Маковеев С.Н., Медведева Т.Н. Оценка уровня обеспечения регионов основными видами аграрной продукции // Международный научно-исследовательский журнал. -2013. -№ 10-3 (17).- С. 53-55.

6 Сычев М.Ф. Проблемы развития аграрного сектора региона // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, про-

гноз.- 2009. -№ 7.- С. 55-65.

7 Юнусова П.С. Региональный уровень продовольственной безопасности: специфика, факторы обеспечения // Национальные интересы: приоритеты и безопасность.- 2009. -№ 16 (49). -С. 59-64.

8 Анищенко А.Н. Оценка продовольственной безопасности региона // Проблемы развития территории. -2013.- Вып. 4 (66).- С. 30-39.

9 Германенко Л.Н. Стабильность сельскохозяйственного производства как показатель уровня продовольственной самодостаточности региона // Бизнес Информ.- 2012.- № 1. -С. 86-89.

10 Костяев А.И., Тимофеев М.У. Национальная и региональная продовольственная безопасность // Региональная экономика: стабилизация и развитие: сб. научн. труд.- М.: ВНИЭТУСХ, 2000.- Т. 1. - С. 500-517.

Әдебиеттер тізімі

1 ҚР Ұлттық экономика министрлігінің статистика жөніндегі комитеті. [Электрондық ресурс].-2016.-URL:<http://www.stat.gov.kz/> (қарау күні: 12.06.2018)

2 ҚР Үкіметінің сайты. [Электрондық ресурс]. – 2016. - URL: [http:// ru.government.kz/](http://ru.government.kz/) (қарау күні: 05.05.2018)

3 Tulegenov B.T., Bel'gibaev Zh.Zh. Prodovol'stvennaja bezopasnost' i zdorovoe pitanie naselenija Kazahstana // Pishhevaja i pererabatyvajushhaja promyshlennost' Kazahstana.- 2003. - № 1. - S. 11-12.

4 Kaskataev N.M., Polubinskij S.L. Pro-

blemy formirovaniya regional'nyh prodovol'stvennyh rynkov i aktual'nost' regional'nogo aspekta prodovol'stvennoj bezopasnosti // Aktual'nye problemy jekonomicheskogo razvitija APK Kazahstana v uslovijah globalizacii: mater. respubl. nauch.-praktich. konf., posvjashhennoj 50-letiju jekonomicheskogo fakul'teta KATU im. S. Seifullina.- Astana, 2013, -Т.2.-С. 189-193.

5 Makoveev S.N., Medvedeva T.N. Ocenka urovnja obespechenija regionov osnovnymi vidami agrarnoj produkcii // Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal. -2013. -№ 10-3 (17).- S. 53-55.

6 Sychev M.F. Problemy razvitija agrarnogo sektora regiona // Jekonomicheskie i social'nye peremeny: fakty, tendencii, prognoz.- 2009. - № 7.- С. 55-65.

7 Junusova P.S. Regional'nyj uroven' prodovol'stvennoj bezopasnosti: specifika, faktory obespechenija // Nacional'nye interesy: priority i bezopasnost'.- 2009. -№ 16 (49). -S. 59-64.

8 Anishhenko A.N. Ocenka prodovol'stvennoj bezopasnosti regiona // Problemy razvitija territorii. -2013.- Vyp. 4 (66).- S. 30-39.

9 Germanenko L.N. Stabil'nost' sel'skhozjajstvennogo proizvodstva kak pokazatel' urovnja prodovol'stvennoj samodostatochnosti regiona // Biznes Inform.- 2012.- № 1. -S. 86-89.

10 Kostjaev A.I., Timofeev M.U. Nacional'naja i regional'naja prodovol'stvennaja bezopasnost' // Regional'naja jekonomika: stabilizacija i razvitie:sb. nauchn. trud. - М.: VNIJeTUSH, 2000.- Т. 1. - S. 500-517.